

Семей мемлекттік медицина университеті
Ішкі аурулар профдеветикасы кафедрасы

Мәйітпен жұмыс жасау

► *Мәйітті жайғастыру ережелері*

Мақсаты: паталогоанатомиялық бөлімге ПАБ өлікті жіберуге дайындау.

Қолдану көрсетілімдері: науқастың өлімі.

Дайындаңыз: сабынды, жеке сүлгіні, қолғапты, бинтті, ақ жайманы, қаламсапты, ПАБ жолдама бланкілерін.

► ***Іс-әрекет алгоритмі***

1. Науқастың өлген фактісін дәрігер анықтайды: (тыныс алуы және жүрек соғысы тоқтайды, көздің қарашығы максималды кеңейеді және жарыққа реакциясы болмайды) стационарлық науқастың медициналық картасына өлген күнін, уақытын тіркейді.

2. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз, қолғапты киіңіз.

3. Өлікті шешіндіріп, аяқтарын жазылған күйінде арқасымен каталкаға жатқызыңыз, қолы тұлға бойында б. т.

4. Төменгі жақты бинтпен байлаңыз, қабақтарын түсіріңіз.

- ▶ **5. Дәрігердің қатысуымен өлген адамның бағалы заттарын шешіңіз, тізімін құрастырып аға мейірбикеге немесе туыстарына беріңіз.**
- 6. Егер де бағалы заттарды өліктен алу мүмкін болмаса стационарлық науқастың мед.картасына тіркеңіз.**
- 7. Өлікті ақ жаймамен жабыңыз, осы қалыпта 2 сағаттай төсекте палатадан тыс жерде емдеу бөлімшесінде қалдырыңыз.**
- 8. Биологиялық өлім белгілерін анықтаңыз: тыныс алу және жүрек соғуы тоқтайды, көзі бұлдырланады және мөлдір қабық кебеді, көз алмасы жұмсарады, “мысық көз” симптомы, дене температурасы 20°C төмендейді, өлік дақтары пайда болады, өлік сіресіп қатып қалады.**
- 9. Өліктің санына және биркаға сиямен стационарлық науқастың мед. карта номерын жазыңыз.**
- 10. Өліктің аты-жөні, стационарлық науқастың мед.карта номеры, клиникалық диагнозі, өлген күні мен сағаты тіркелген құжатпен өлікті каталкаға салып, паталогоанатомиялық бөлімшеге тексеруге апарыңыз.**

► ***11. Науқастың өлгені туралы аурухананың қабылдау бөлімшесіне, туысқандарына, туысы болмаса полиция бөлімшесіне хабарлаңыз.***

12. Өліктің киім-кешектерін кереуеттен алып қапқа салады және зарарсыздандыру жүргізіледі.

13. Санитарлы-эпидемияға қарсы тәртіп талаптарына сәйкес кереуетті, жанындағы тумбочканы сүртеді, дәретқабылдағышты дез. ерітіндіге салады.

14. Палатада қорытынды зарарсыздандыру жүргізіледі.

► **Ескерту:**

- ПАБ –ге өлікті 2 сағаттан кейін апарды;

*- Үйде болған өлімді учаскелік дәрігер анықтап,
клиникалық диагнозын,*

себептерін көрсетіп анықтама береді;

*-Кенеттен болған өлімде, операция уақытындағы
немесе операциядан кейінгі дренаждары, түтіктерді,
катетерлерді, науқас өлген мезгілде сол қалыпта оның
денесінде қалдырады.*